



Qymbatty oqy's'ylar! Qurmetti ustazdar men ata-analar!

Sizderdi mektep a'kims'iligi atynan jan'a oqy' jylynyn' bastaly'men s'yn ju'rekten quttyqtai'myn. A'lemdik o'rkeni'etke bet alg'an bu'gingi qazaq elinin' bolas'ag'y, bilim men ta'rbi'e alay'yn jaqqan mekteppen tikelei' bai'lanysty. Gi'mnazi'i'ada oqy's'ylardyn' sapaly bilim alyp, tu'rli bag'yтта o'zin damyты'g'a barlyq jag'dai' jasal'g'an. Bi'ylg'y oqy' jylynda mektebimiz ku'rdeli jo'ndey'den o'tip, orys tili kabi'neti 20 noy'tby'kpen, sonymen qatar 7 kabi'nette ekrandarmen tolyqtyryldy. Byltyrg'y oqy' jylynan robotehni'ka, s'ahmat kabi'netteri

as'ylyp, oqy's'ylardyn' oi'y men tanymyn ken'ei'ty'de zor u'lesin qosy'da. «Ry'hani' jan'g'yry'» bag'darlamasyn iske asyry' bag'ytynda ulttyq oi'yndardy, ulttyq o'ner men ma'denetti jan'g'yrtı', ki'eli oryndarg'a sai'ahat jasay's'aralaryn ui'ymdastyry' josparlany'da. Qazirgi tan'da elimiz bilim bery'din' jan'a bastay' aly' satysynda tur. Oqy's'ylarymyzdyn' u'zdik bilim bery' resy'rstary men tehnologi'i'alaryna birdei' qoljetimdiligin qamti' otyryp, jyldam o'zgermeli a'lemde bilim aly'g'a degen suranystaryn qanag'attandyry', i'ntellekty'aldyq, ry'hani' ja'ne dene bitiminin' damy'yn qamtamasyz ety'- qazirgi bilim mekemelerinin' basty maqsaty. Jan'a oqy' jylynda oqy's'ylarymyz ben ustazdarymyz bi'ik belesterden ko'rinip, mektep ma'rtebesin asqaqta bersin. Barlyqtaryn'yzg'a sa'ttilik tilei'min!

Қайда қатысамын?

Спорттық бағыттағы үйірмелер

1. Баскетбол (6-8 сыныптар)
Сс.сн 15.00-16-30, 10.00-10.45
2. Туризм (6-9 сыныптар)
Дс. Жм 15.00-16.00
3. «Жасұлан» клубы (10, 9а, 9ә сынып)
Сн. (9.45-10.30)
4. Волейбол (7-9 сыныптар)
Бс.сн. (17.00.-18.30, 10.50-12.30)
5. Шахмат (2-7 сыныптар)
Дс.-сб. 13.10-14.30, 10.00-11.30)
7. Тоғызқұмалақ (3-6 сыныптар)
Сн. (11.30.-12.10)
7. Атқыштар (9-10 сыныптар) Сн. (9.00-9.40)

Шығармашылық бағыттағы үйірмелер

1. «Айгөлек» би тобы (2,3-5,6 сыныптар)
Дү. Бс. (14.00-14.50)
2. Балауса (8-9 сыныптар)
Сс.(15.00-16.00)
3. Жас қалам (3-5 сыныптар)
Жм. (13.10-14.30)
4. «Афиша» ақындар үйірме (6-8 сыныптар)
Сс. (14.00-14.50)
5. Ақпарат орталығы (8-9 сыныптар)
Сн. (10.00-11.30)
6. «Мұрагер» домбыра ансамбілі (2-6 сынып)
Се.сб.(10.35-11.10 -10.35-11.10)
8. Дебат (6,10 сыныптар)
Сб. (10.00-11.30)
9. Ісмерлер (6,7,8 сыныптар)
Сб. (10.00-11.00)
10. Қолөнер (7,8,9 сыныптар)
Бс. (14.00-14.40)

2017 жылдың ең ақылды оқушысы Ақсу гимназиясында оқиды

Данкина Алима

Павлодар облысы Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясының 11-ші сынып оқушысы Бихан Боранбай 2017 жылдың ең ақылды оқушысы атанды.



Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры мен Мемлекеттік тілді дамыту қоры ұйымдастырған сайысқа республиканың түкпір-түкпірінен 5000 оқушы қатысып, озық болған 12 финалист құрмет дипломдары мен бағалы сыйлықтармен: ноутбуктер, планшеттер және смартфондармен

«Біздің жас вундеркиндтерге тағы да үлкен жеңістер тілеймін», — деп жеңімпаздарды құттықтады. Турнирдің мақсаты: дарынды балаларды анықтау, оқушылардың танымдық қабілеттерін ынталандыру, пәндік білімдерін тереңдету, ғылымға деген қызығушылығын арттыру, білімді насихаттау,

марапатталды. Балаларды қошеметтеуге келген қонақтардың арасында Халық қаһарманы, қазақстандық космонавт Айдын Айымбетов те болды. Айдын Айымбетов:

интеллектуалды мүмкіндіктерін дамытуға атсалысу. «Кім білгіш?» онлайн-сайысы Қазақстанда осымен екінші мәрте өткізіліп отыр. Жарысқа қатысу мүмкіндігіне 9, 10, 11-сынып оқушылары иеленген. Ал сайысқа қатысуға керегі – білім мен ұялы телефон. Олар «Кім білгіш?» мобильді қосымшасына тіркеліп, өз білімдерін сынайды. Мұнда спорт, табиғат, өнер, ғылым секілді түрлі тақырыптарға байланысты 25 мыңнан астам сұрақтар берілген. Ұйымдастырушылардың сөзінше, келесі жылдан бастап сайыстың ағылшынша нұсқасы жасалмақ. Ал уақыт өте келе сайыстың интерфейсі мен сұрақтары латын әліпбиіне өзгертіледі.



Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында патриотизм туған жеріңе, ауылыңа, қалаңа, өскен өлкеңе деген ыстық махаббатыңнан басталады деп айтқан болатын. Осыған орай 15 қыркүйек күні шағын ауылдар

бағытында жасалынып жатқан жұмыстарға жастарды белсенді қатысуға шақыру. Сағат 12:00-де Астана қаласындағы «Бәйтерек» монументінде басталған акциядан Ақсу қаласы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназия шәкірттері де қапы қалмады.

Рухани жаңғыру-ұлттың жаңғыруы, ұрпақтың жаңғыруы

Жомарт Ақтомы

мен ірі қалаларды қамтитын жалпыреспубликалық «Рухани жаңғыру» жастар акциясы бастау алды. Акцияның басты мақсаты рухани жаңғыру

Жалпы акцияға барлығы Ақсу қаласының мектептері мен колледждерінен 200-ге тарта бала қатысып, бір мезетте патриоттық әндерге флешмоб биін ұйымдастырды.

Гимназия президенті ант қабылдады

2017 жылдың 25 қазан күні Ақсу қаласы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясында өзін-өзі басқарудың президенті салтанатты түрде ант қабылдады.

16 қазан күні 243 дауыс беруші қатысысқан сайлаудың нәтижесінде «Мектеп президенті» лауазымына дауыс берушілердің 60% даусын жинаған 9 «а» сынып оқушысы Ұзақбай Нұрайым сайланған болатын. Инаугурацияға гимназия директоры К.М.Әбдуқадырқызы, оқу ісінің орынбасары Қ.Мұхаметқалиевна, тәрбие жөніндегі орынбасар Г.Абусыздыққызы және 5-11 сынып оқушылары қатысты.

Шара барысында сөз алған гимназия директоры М.Әбдуқадырқызы жаңа президентімізге сенім білдіріп, жұмысына сәттілік тіледі.

Өз лауазымына кіріспес алдында Нұрайым мектеп алдында ант беріп, өзіне жүктелген үмітті ақтайтынын жеткізді. Сонымен қатар, мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының жаңа министрлері анықталды.

Олар: Мектеп президенті: Ұзақбай Нұрайым

Премьер-министрі Қазбеков Мұхамед жан

Білім және ғылым министрі Батай Аружан,



Данкина Алима министрі
Мәдениет Бадинур,
Закирьянова Бадинаур,
Спорт министрі Қайса Арсен,
Абілқак Мухаммед!
Мұндай шара оқушыларымыздың мемлекетіміздің саяси өміріне араласуына, өзіндік үлесін қосуға, азаматтық ұстанымын білдіріп, болашаққа сеніммен адымдауға, бірлесіп жұмыс істеуге, мемлекет заңын құрметтеп, жүзеге асыруға мол мүмкіншілік береді.

Рамазанова Аяұлым

Жомарт Ақтоты

Оқушылардың күзгі демалысы барысында Алматы және Астана қалаларында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті-Елбасы Қорының және «Kazakh Tourism ҰК» АҚ бірлескен бастамасы бойынша ұйымдастырылған Мемлекет басшысының қызметімен тығыз байланысты жерлерге баруға арналған «Көшбасшы жолы» туры басталды. Турға Алматы, Ақмола, Жамбыл,

Қарағанды, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстарының 13 пен 17 жас аралағындағы 480 оқу озаттары мен белсенділері қатысты. Олардың ішінде Бихан Боранбай, Сейтахмет Еділ, Кабышева Динара сынды біздің гимназия шәкірттері де бар! Астанада мектеп оқушыларына Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Музейі, Қоры және Кітапханасы, Бейбітшілік және Келісім сарайы, «Астана-Бәйтерек»

«Көшбасшы жолы» саяхаты



монументі және Назарбаев Университеті көрсетіледі.

Данкина Алима**«Жалындап өткен жас ғұмыр»**

Биыл «Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып, күн болам!» деп жырлап, небәрі 27 жыл ғұмыр кешсе де, өлмейтін өлең өшпейтін із қалдырған Алаш арысы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 125 жылдығы.



Осыған орай Ақсу қаласы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназия қабырғасында «Жалындап өткен жас ғұмыр» атты Сұлтанмахмұт оқулары ұйымдастырылды. Сайыс мақсаты Сұлтанмахмұт шығармашылығын насихаттап, атадан балаға мирас болған байлығымыз, қазынамыз туған тілге, көркем әдебиетке, оның ішінде поэзияға деген жас ұрпақтың құштарлығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін ұштау, жаңа есімдерді анықтау және ынталандыру. Сұлтанмахмұт өлеңдерін мәнерлеп оқу, ақынға арнау

өлеңдер шығару (мүшәйра) және Сұлтанмахмұт шығармашылығынің философиясына арналған эссе жазу сияқты үш номинацияда өткен сөз зергерлерінің сайысына әр сыныптан іріктелген 25 үміткер бақ сынады. Үш кезеңнен тұрған байқау өте тартысты өтті деуге болады. «Сен тұр мен айтайын» деген қатысушылар арасынан үздікті анықтау оңай болмады. Дегенмен, қазылар алқасы байқау болғаннан кейін жеңімпаздың болатынын тілге тиек етіп, бағы жанғандардың аты-жөнін анықтады. Сонымен, «Сұлтанмахмұт оқуларының» қорытындысы келесідей болды. «Ақтармын оқып-жетіп адам атын» номинациясы бойынша I орын – 8 «ә» сынып оқушысы Хаманай

Асхатқа, бұйырса, II орын – 5 сынып оқушысы Шайфуллина Анель, III орын – 6 «а» сынып оқушысы Ералиева Ақбота мен 8 «а» сынып оқушысы Мағзұмова Айшабибіге бұйырды. «Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып, күн болам!» жас ақындар мүшәйрасында I орын – 7 сынып оқушысы Бердембекқызы Әминаға, II орын – 7 сынып оқушысы Садыбекова Жандосқа, III орын – Сайыпова Әсемге бұйырды. «Мен балаң жарық күнде сәуле құған» номинациясы бойынша I орынды – Шакбекова Даянаға еншілесе, II орын - 8 «ә» сынып оқушысы Баянбатұлы Ерасыл, III орын – 9 «ә» сынып оқушысы Жомарт Ақтотыға бұйырды. Барлық жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан жеңімпаздарға жүлделері алған асуының алды, шыққан биігінің басы болсын дегіміз келеді!

«ЖЫЛ МҰҒАЛІМІ – 2017» ОБЛЫСТЫҚ КОНКУРСЫ

2017 жылғы 13-19 қыркүйек аралығында мұғалімдердің кәсіби мерекесі қарсаңында «Жыл мұғалімі – 2017» облыстық конкурсын өтті. Гимназияның тарих пәнінің мұғалімі Альдекенова Анар Толыбаевна конкурсқа қатысып, "Ізденімпаз" номинациясына ие

болды. Конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсімі 2017 жылғы 29 қыркүйекте Естай атындағы ҚМС-да Мұғалімдер күніне орай облыстық мереке шеңберінде өтті. Ұстазымызды шын жүректен құттықтай отырып, шығармашылық табыс тілейміз!



Жомарт Ақтоты

Мектепшілік ғылыми жоба және пәндер олимпиадасы

23 қазан күні гимназия қабырғасында мектепшілік ғылыми жобалар байқауы өтті. Ғылымға жаңалық әкелдім деген 30-дан астам үміткер жобаларының мақсат –міндет, өзектіліктерімен таныстырды. Ал 27 қазан күні мектепшілік олимпиада өтті. Оған 8-11 сынып оқушылары қатысты. Берілген уақыт ішінде бар

білімін көрсеткен оқушылар қалалық кезеңге жолдама алды. Шәкірттерімізге алдағы сындардан сүрінбей өтсін деп тілейміз!



Жұмабаева Дильнара

Ақсу гимназиясындағы «Рухани жаңғыру» күні

Оқушылардың ұлттық сана сезімін оятып, ұлттық өнер мен ұлттық ойындарды жаңғырту мақсатында облысымыздың барлық мектептерінде 14 қазан күні «Рухани жаңғыру күні» атауымен іс-шаралар тізбегі ұйымдастырылды.



Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында қолға алынған, жоспарланған шаралар аз



емес. Бұл шара Ақсу қаласы гимназиясында кең ауқымда жүзеге асырылған болатын. Атап айтқанда 1-11 сыныптар арасында «Менің болашаққа бағдарым» атты тәрбие сағаттары өтті. Ал мергендік пен ептілікке баулитын 2-5 сыныптар арасында өткен «Асық games» ойыны нағыз майданға айналғандай. Балалар әсіресе «Ханталапай» ойынын ерекше қызығушылықпен ойнады. Бұдан бөлек оймақсыз ою ойған оқушыларымыздың қатысуымен «Достық шеберханасы» атты шеберлік сағаттары



ұйымдастырылды. Шеберлік сағаттарында қыздар түрлі оюмен безендірілген қоржындар мен әмияндар жасауды меңгерді. Бастауыш сынып оқушылары арасында «Менің болашаққа көзқарасым», «Туған жерім тұғырым» атты суреттер байқауы өткізіліп, мерекелік концертте жеңімпаздар мақтау қағазымен марапатталды.

Рамазанова Аяулым

БІЛІМ КӨКЖИЕГІНДЕ

(оқушылар жетістігі)

"ЗЕРДЕ" ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ



2017 жылдың 3 қарашасында №25 мектепте 1-7-сынып оқушылары арасында өтетін республикалық «Зерде» ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңі өтті.

«Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының хабарлауынша, аталмыш ғылым додасына 695 бала қатысқуға ниет білдірген.

Байқаудың қорытындысы бойынша III орын жүлдегерлері:

этномәдениеттану бағыты бойынша 6 сынып оқушылары Қазтай Айшат, Сайыпова Әсем (жетекшілері: Нургалиева Д.А., Есенгожина А.Е.), биология бағыты бойынша 3 сынып оқушылары Ермек Назерке мен

Ермек Жанерке (жетекшісі: Елубаева М.С.), қазақ тілі мен әдебиеті бағыты бойынша 6 сынып оқушылары Садыбекова Арайлым және Кабиденова Томирис (жетекшілері: Нургалиева Д.А., Есенгожина А.Е.), математика бағыты бойынша 7 сынып оқушысы Айгожина Адина (жетекшісі: Алькеева З.Б).

I орын жүлдегері: математика бағытында 4 сынып оқушысы Жалешова Айым (жетекшісі: Катепбай.А.). Барлық жеңімпаз



оқушыларды және ұстаздарды құттықтаймыз!

«АЙГӨЛЕК» АЛМАТЫНЫ БАҒЫНДЫРДЫ

Алматы қаласында Республикалық "Ақ көгершін" балалардың шығармашылық байқауында гимназияның "Айгөлек" үлгі би ансамблі I орынға ие болды.



Жалпы байқау "Хореография", "Вокал", "Халық әні", "Инструменталды музыка", "Балалар сәні – сән театры", "Ерекше жанр" және "Көркем сөз" сынды 7 номинация бойынша өтті. "Ақ көгершін" фестиваль-байқауы балаларға арналған жыл сайынғы жарқын

және есте қаларлық оқиға. Көп жылдар бойы жас дарындар өнер жолын осы фестивальдан бастап келеді. Ансамбльдің көркемдік жетекшісі: Динара Зембаева! "Айгөлек" би ансамблін шын жүректен құттықтаймыз!

Жұмабаева Дильнара

ГИМНАЗИЯ ОҚУШЫСЫ "ҮЗДІК СПИКЕР" АТАНДЫ

«Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім-беру оқу әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен 14-15 қазан күндері «Мәңгілік Сір» атты облыстық пікірсайыс турнирі өтті

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ұсынуымен енгізілген «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын жастар арасында насихаттау, оқушылардың ораторлық, критикалық ойлау қабілетін арттыру мақсатында ұйымдастырылған шараға облыс мектептерінің оқушылары қатысты. Аталған шешендер сайысына гимназияның 10 сынып оқушылары Қарибаева

Малика, Олжабай Ұлан, Тастемір Гүлзат және Қалиева Дильназ қатысты. Екі кезеңнен тұрған турнирдің қорытындысы бойынша Олжабай Ұлан «Үздік спикер» номинациясына, «Қайсар фракциясы» 3-ші орын, ал «Қайрат» фракциясы «Мықты талпыныс» номинациясына ие болып, жетекшісі Назигүл



Түсіпқызы «Алғыс хатпен марапатталды.

ДӘРИЯ ПЕТРОВАЛДАН КҮМІС ОЛЖАЛАДЫ

Сүйінші! 2017 жылдың 15-20 қазан күндері Петропавл қаласында спорттық акробатикадан ашық республикалық чемпионатта гимназиямыздың 4 «а» сынып оқушысы Қайырғали Дария ІІ орынды қанжығасына

байлады. Сайысқа еліміздің түкпір-түкпірінен 150-ге тарта жас спортшылар қатысқан. Дарияны гимназия ұжымының атынан жеңісімен құттықтап, бұдан да биік шыңдарды бағындыруын тілейміз



ЖАС ӨСПІРІМДЕР ОЛИМПИАДАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР

Дарынды балаларға арналған Абай атындағы №10 лицей-мектебінде 2017 жылғы 19 қазанда география пәнінен VII облыстық жасөспірімдер олимпиадасы өтті.



Шараға Павлодар облысы, қалалары мен аудандарының мамандандырылған және жалпы білім беру орта мектептерінен 79 оқушы қатысты. Нәтижесінде Ақсу

қаласы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназияның 8 сынып оқушысы Дарганбеков Жомарт Құрмет грамотасымен марапатталды. Құттықтаймыз!

Жомарт Ақтоты

ОБЛЫСТЫҚ КӨПТІЛДІЛІК ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

28 қазан күні С.Торайғыров ат. ПМУ-да Павлодар облысы оқушылары арасында көптілділік олимпиадасы өтті!

Нәтижесінде 10 сынып оқушысы Төлегенова Дильназ ІІ-орынға ие болса, 8 "ә" сынып оқушысы Баяманова Аида ІІІ-орынды

қанжығасына байлады! Шәкірттерімізді шын жүректен құттықтаймыз! Білім шыңын бағындыра беріңіздер!

Тоғызқұмалақ тартысы

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде 30-қыркүйек күні Иман Жүсіп Құтпанұлы атындағы спорт сарайында тоғызқұмақ турнирі ұйымдастырылды.

Оған Ақсу қаласы мен ауылдық аймақтарының мектеп оқушылары қатысты. Айтулы шараның басты мақсаты ұлттық спортты жаңғыртып, тоғызқұмалақ ойыншыларының шеберлігін арттыру болып табылады.

Гимназияның намысын бұл күні 5 сынып оқушылары Төлеу Әлихан, 3 сынып оқушылары Шахмет Арнұр мен Дәуітбек Ерхат, 5 сынып оқушысы Исабекова Дәмелі мен 3 «а» сынып оқушысы Көпжанова Аружан қорғады. Үш сағатқа

созылған тоғызқұмалақ турнирінің қорытындысы бойынша бар шеберлігі мен ойларының жүйріктігін ортаға салған Ақсу қаласы дарынды балаларға арналған гимназия шәкірттері 3-ші орынға қол жеткізе алды. Ал ересектер арасында аталған оқушылардың тоғызқұмалақ жаттықтырушысы Алтынбек Мақсатханға да жеке лей сында 3 орын бұйырды. Барлық жүлдегерлер дипломдар және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.





ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

БЕСКҮНДІК ОҚУ АПТАСЫ: АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

Күз келіп, жаңа оқу жылы басталғалы бері мектептерге 5 күндік жүйе енгізілді. Бұл нендей жаңалық? Жыл сайын жаңғырып отырған білім саласы бұл жолы қандай қадамға барып отыр? Ұстаздар не дейді, ата-аналар қандай көзқараста?



Елбасы «Біз қазір «білім-ғылым-инновация» атты үштік үстемдік құратын постиндустриялық әлемге қарай бағыт алып барамыз» деген болатын. Осы орайда, еліміздегі білім беру саласы жаңа бағытқа бет бұрғаны мәлім. Орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілді.

Биылғы жылы екінші, бесінші, жетінші, тоғызыншы сынып оқушылары 5 күндік оқу аптасына көшті. 2018 жылдан бастап қалған сыныптар жаңа оқу жүйесіне бет бұрады. Бес күндік білім беруге көшу білім беру бағдарламасының жаңартылуына байланысты болып отыр. Жаңа білім беру бағдарламалары осыған дейін айтылғандай Назарбаев Зияткерлік Мектебі бағдарламасына негізделеді. Білім беру бағдарламалары үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес функционалдық сауаттылыққа негізделеді.



Жаңа бағдарламаның тағы бір ерекшелігі бес күндік оқу жүйесімен байланысты болып отыр.

Барша дамыған елдердегі мектептерде бескүндік оқу аптасы енгізілген. Балаға өзін қалпына келтіруге, педагогқа демалып, алдағы сабақтарға дайындалуға мүмкіндік беріледі. Оқыту аптасы қысқарған кезде білім берудің нәтижелілігі артатынын ғалымдар ғылыми түрде дәлелдеді.

Дүйсенбаев Әскербек Құлтайұлы
(қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі)



Бұрын алты күн бойы оқудан бас алмайтын. Оның үстіне олар түрлі үйірмелерге қатысады. Сол себепті, тек жексенбі күнгі демалыс толық тынығуға және келесі аптаның сабағына дайындалуға мүмкіндік бере қоймайтын. Ал, жаңа бескүндік жүйе оқушы денсаулығына көп күш түсірмейді. Мұның артықшылығы осында деп білемін!

Райгүл Тоқанқызы
(ата-ана)

Гимназия шәкірттері латын әліпбиін талқыға салды



Қазан айының бесі күні Ақсу қаласы дарынды балаларға арналған гимназия қабырғасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасында ойып тұрып орын алған Латын әліпбиіне көшу мәселесіне қатысты дөңгелек үстел

Жиынға қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, тарих мұғалімдері мен 8 «а» және 8 «ә» сынып оқушылары қатысып, латын әліпбиіне көшу мәселесін қызу талқылады.

Дөңгелек үстел барысында жастар өз пікірлерін ортаға салып, ұстаздар қауымен еркін пікір алмасты. Латын әліпбиіне көшсек, неден ұтамыз, неден ұтыламыз деген сұрақтарға өз көзқарастарын білдірген оқушылардың пікірі екіге жарылды. Оқушылардың бір тобы қазақтың төл әріптерін

диг раф тар ме н бел гіл еме й, бір ды бы ска бір әрі п



принціпін қолдануды ұсынды. Жиын соңында оқушылар өз ұстанымдарын дауыс беру арқылы білдірді. - Қазіргі жастар ағылшынша білім алуда, аға буында өз дәуірінде ағылшынша я болмаса неміс тілін оқыған. Латын әліпбиі қазыргі заман

талабы, сондық латын әліпбиіне көшу қиындық тудырмайтынына сенімдімін,- дейді тарих пәнінің мұғалімі Анар Толбайқызы! Бір қуантатыны, көкірегі ояу, көзі ашық жастардың бар екендігі және олар айтқан ойлардың ерекше екені болды.



Оқушылар латын әліпбиіне қолдау білдірді

Өткен аптада Ақсу қаласы дарынды балаларға арналған гимназиясында латын әліпбиіне көшудің мәселесі тақырыбында дөңгелек үстел өтіп, 8 сыныптар қатысқан болатын. Ал осы апта да бұл мәселені 9 сыныптар талқыға салды.

Елбасының "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласындағы маңызды мәселеленің бірі осы латын әліпбиі. Көптеген оқушылар латын әліпбиі заман талабы екенін, әлемдік аренада ықпалымызды арттыратынын жеткізді.

Ал 9 «а» сынып оқушысы Мұхаммеджан: қоғамда әлі қазақ тілі жеткілікті

деңгейде дамымай тұрып, латынға көшу асығыстық емес пе деген пікірін білдірді. Әрине қолдайтындардың пікірі бір атанға жүк боларлықтай. Ал жоғарыда оқушылар тарапынан көтерілген түйткілді сұрақтарға тарих және қазақ тілінің мұғалімдері шығар жолын көрсетіп, оң-мен солын ажыратып берді деуге болады. Дөңгелек үстел барысында Қазақ елі қолданған әліпбилер

туралы зияткерлік сайыс ұйымдастырылып, шапшаңдығы мен шамасын қатар байқатқан Досмағамбетова Айризаға көркем әдеби кітап табыс етілді. Бір қуантатыны, көкірегі ояу, көзі ашық жастардың бар екендігі және олар айтқан ойлардың ерекше екені болды.

Рамазанова Аяулым

ҒАСЫРДЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТТЕРІ



ҚУАТ ЕСЕНОВ

Павлодардағы физика-математика оқу ордасының түлегі. Математика пәнінен халықаралық олимпиадаларға қатысып 6 алтын медаль иегері. «Болашақ» стипендиясының иегері. 2004 жылы АҚШ-тағы Массачусетс технологиялық университетіне қабылданып, оқуын PhD академиялық дәрежесімен тәмамдаған. Есенов қазір сол университетте ғылыми қызмет атқарады. Әлемді таңдай қақтырып, рекордтар кітабына енген дарынымыз Қуат Есенов. Қуат Есенов – халықаралық олимпиадалардағы алты алтынның иегері

ДИМАШ ҚҰДАЙБЕРГЕН

Дінмұхаммед (Димаш) Құдайберген Қанатұлы 1994 жылы 24 мамырда Ақтөбе қаласында Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткерлері Қанат Құдайбергенұлы мен Светлана Айтбаеваның отбасында дүниеге келген.

Димаш Витебск қаласында өткен XXIV Халықаралық эстрадалық ән орындаушылар «Славян базары-2015» байқауында Гран-при жеңіп алған. Екі күн ішінде жас әнші 175 ұпай жинаған. Бірінші күні ол Константин Меладзе композиторінің «Опять метель» әнін, ал екінші күні Француз әншісі Грегори Лемаршаль репертуарынан алынған «Sos dun terien un detresse» әнін орындады. Осыған дейін Димаштың Қытайда әлем мойындаған әншілер сайысына қатысып жатқанын жариялаған едік. Қытайлықтар қазақстандық әншіге «Тәңір өзі назарына алған әнші» деп баға берген.



ЖАЗИРА ЖАППАРҚҰЛ

Жазира Жаппарқұл 1993 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс қаласында дүниеге келген. Жеті айлық болып шала туылған ол алғаш рет жаттығу залына сегіз жасында келген. Олимпиада ойындарында жүлдегер атанған тұңғыш қазақ қызы. Риода 69 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Жазира жұлқа көтеруде алдымен 111 келіні, кейін 115 келіні бағындырды. Үшінші мүмкіндігінде қазақ қызы 117 келіні бағындыра алмады. Ал жұлқа көтеруді қазақстандық зілтемірші 140 келіден бастады.



Тоғызқұмалақ – төл ойынымыз

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде 14-қыркүйек күні Павлодар облысының барлық білім беру ұйымдарында тоғызқұмалақтан бірыңғай флешмоб ұйымдастырылды.



Ұлттық ойынымызды дәріптейтін бұл шараны «Павлодар облысы білім беру басқармасының «Аймақтық оқу-тәжірибелік дене тәрбиесі орталығы» ұйымдастырып

арттыру, балалар арасында достық қарым-қатынас орнату болып табылады.

Аталған іс-шарадан гимназияның оқушылары да шет қалмады. 14 балаға арналған үстел тақтасына кезектесіп

отыр. Айтулы шараның басты мақсаты ұлттық спортты жаңғыртып , тоғызқұмалаққа деген оқушылардың қызығушылығын

ойнаған балалардың жалпы саны 20-дан асты. Өте тартысты өткен ойында оқушылар шеберлігін шырдаумен қатар, бай тәжірибе жинады, үлкені кішісіне ойынның қыр-сырын танытты. Осылайша бұл ойында достық жеңді.

Тоғызқұмалақ ойыны - спорттың жоғары дәрежелі зияткерлік түрі. Үлкен шыдамдылықты, шығармашылық ойлауды және өзін-өзі ұстай білуді талап етеді. Басқа спорттың түрлеріне қарағанда, бұл ойында ой жүйріктігі аса қажет. Бұл да болса қазақ халқының даналығының бір дәлелі болса керек.

Данкина Алима

ҮЗДІК СПИКЕРЛЕРДІҢ ШЕБЕРЛІК САҒАТЫ

21 қазан күні Республикалық, облыстық студенттер лигаларында топ жарып жүрген ПМПИ «Ақиқат» дебат клубының үздік спикерлері гимназияның жас дебатшыларына шеберлік сабақтарын өткізді. Қонақтар тренинг барысында АПФ, БПФ, ЛД форматтарын таныстырып, БПФ форматы

бойынша «Мамандық адамның мінез-құлқын қалыптастырады» тақырыбы бойынша 8-10 сынып оқушылары арасында, "Қалада ауылдан гөрі жақсырақ" тақырыбы бойынша 6 сынып оқушылары арасында пікірсайыс өткізді.



КУБИК РУБИК - АҚЫЛДЫЛАР ОЙЫНЫ

Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған гимназиясында оқушылардың бос уақытын тиімді пайдаланып, шапшаң ойлануға машықтандыру мақсатында Кубик Рубикті жинау ұйымдастырылуда.



Үлкен қоңырау кезінде ұйымдастырылатын ойынға

қазіргі кезде әсіресе 5 сынып оқушылары ерекше қызығушылық танытуда. Осы сыныпта оқитын Үндерме Аяжанның Кубик Рубикты 1 минут 16 секундта жинаған көрсеткіші оқушылар арасындағы үздік нәтиже болып тұр. Ал, Әлем бойынша рекорд Кубик рубикті небәрі 4,75

секундта жинаған голландиялық Матс Валккқа тиесілі.

Бұл ойынды 1974 жылы Эрне Рубик деген венгриялық азамат ойлап тапқан. 2009 жылы аталған заттың 350 миллионға жуық данасы әлем бойынша тараған. Ғалымдар Кубик Рубиктің қыр-сырына жету үшін болуы мүмкін жүрістерді 2,2 миллиард топқа бөлген.

Айнала сары алтындай жарқыраған....

Әр мезгілдің өзіне тән ерекшелігі бар. Бірі жаныңа жылулық сыйласа, бірі қайта туған жауқазындай бүршік атып жатады, ал бірі суығына үйретіп те үлгереді. Осы төрт мезгілдің ішінде ең кереметі - күз болар. Күз... Сарғайған жапырақтардың тал басында желге шыдас бермей жерге түскен сәті, көз алдында бүкіл әлем

сурет секілді көркем бейне тудыратын шақ.

«Сонда болар тәтті тағам, адал ас», - деп ұлы Баласағұн бабамыз айтқандай, оқушыларды еңбек етуге, ел ырысын құрметтеу және адам еңбегін бағалай білу мақсатында 6 қазан күні мектебімізде «Күзгі бал» кеші аталып өтті. Осы кештің басты ерекшелігі - көздің жауын алар декорация мен бейне өнер жаңалығы оқушылар мен ұстаздардың

көңілінен шықты. Жылдағы дәстүр бойынша ханзада мен ханшайымды таңдау өтілді. Ал тын күз мерекесі барысында ханзада мен ханшайым өз өнерлерін



*Айнала сары алтын, жарқыраған,
Жұрт көңілі қуанышпен асып толған.
Күс тізіліп барады жылы жаққа,
Жалаңаш ағаштар тұр қалтыраған.*

*Айнала керемет алтынменен көмкерілген,
Күн жарқырап жер бетіне сәуле төккен.
Табиғат құдіретіне тағзым етіп,
Мінекей, жетті алтын күз көптен күткен!*

көрсетіп, қазылар алқасының әділ шешіміне ие болды. Әділ-қазылардың шешімі бойынша «Күз ханшайымы» мен «Күз ханзадасы» атағына 10-сынып оқушылары Лайықов Нұрсұлтан мен Шаханова Лаура ие болды. Осы кешті оқушылар ендігі жылға дейін асыға күтуде.



қоңырқай түске боялып, бейне бір салып қойған

ханшайым өз өнерлерін

Жұмбаева Дильнара

КҮЗГІ ДЕМАЛЫСТАҒЫ «ДЕНСАУЛЫҚ КҮНІ»

1 қараша күні гимназиямызда "Рухани жаңғыру" бағдарламасының аясында ұлттық ойындар және басқа да спорттық ойындар бойынша

денсаулық күні аталып өтті. Шараның басты мақсаты ұлттық ойындарды дәріптеу және оқушылардың күзгі демалысын тиімді пайдалану. Оған

мектебіміздің оқушылары белсене қатысып, жеңімпаздар дипломдармен марапатталды.



НАЗАРБАЕВ МЕКТЕБІНДЕГІ СПАРТАКИАДА

28 қазан күні Павлодар облысының кәсіпкерлік, сауда және туризм басқармасының ұйымдастыруымен "Әке, ана және мен - туристік отбасы" конкурсы өтті.

Нәтижесінде Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған гимназиясының командасы I орынға ие болды! Құттықтаймыз!



«Әнші балапан» сайысында Ақсу гимназиясы жеңіс тұғырынан көрінді

Ақсу қаласында өнерлі өрендердің талантын шыңдау, шығармашыл жас буынды елге таныстыру мақсатында «Әнші балапан» сайысы өтті.



Жас өнерпаздар балалық шақты әнге арқау етіп өнерлерін ортаға салды. № 2 мектепте өткен қалалық байқауда Ақсу қаласы және Ақсу ауылдық аймақтық мектептерінің жас таланттары бақ сынады. Шараны Ақсу қаласының Ішкі саясаты бөлімі «Жастар бастамаларын дамыту орталығы» КММ директоры Гүлнәр Құмарханқызы құттықтау сөзімен ашып, Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын орындауда ұлттық өнерімізді әспеттейтін бұндай байқаулардың алар орны ерекше деп, бүлдіршіндерге сәттілік тіледі. «Дәстүрлі ән» және «Аспата ойнау» номинациялары бойынша өткен сайысқа Ақсу қаласы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясы Гүлжанат Солтанова

жетекшілік жасайтын «Мұрагер» ансамблін үкілеп қосқан болатын. Бүлдіршіндердің өнерін саралайтын әділқазылар алқасы сайыскерлерге сахнада өзін - өзін ұстауы, дауыс ырғағы, әртістік және әнді орындау шеберлігі, киім үлгісі сынды талаптарымен бағалады. Нәтижесінде «Сал күрең» күйін нақышына келтіріп орындаған Ақсу гимназиясының шәкірттері I орынға қол жеткізсе, жекелей орындауында «Гүлдерайым» әнін тамылжыта шырқаған Қайыржанова Аида II орынға ие болды. Періште пейілді бүлдіршіндер бұл күні халықтың ыстық ықыласы мен қызу қошеметіне бөленді.

Жомарт Ақтомы



ШӘКІРТТЕР

ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Қызылтудың тумасы

Қызылтудың тумасы,
Әбубәкір ұрпағы.
Бір атадан Байқоңыр,
Екі жастан жетім қап,
Анасын іздеп жылаған.

Атанған кедей шаруагер,
Әйелін іздеп жоқтаған.
Қолынан келер шара жоқ,
Амалсыздан көшіп қонған.

Балалығы Баянда өт іп,
Білімді молдадан бастап,
Медресеге түсіп, сабақ алып,
Наданға көңіл толмас кете беріп.

Жарқырап Күндей мұғалім келді,
Жаңаша оқып сауат берді.
Татарша оқып газет-журнал,
Ізденіп іліміне кіріседі.

Қиындық көріп, дерт ұстап,
Сұм ажал ерте әкетті.
Аз да болса, саз жасап,
Артыңа мұра қалдырдың.

Сайыпова Әсем
6 «ә» сынып оқушысы



Сұлтанмахмұтқа

Ізет қылып жалындаған жастары,
Есте мәңгі жыр, өлеңі, дастаны.
Сағынады сары дала баласын,
Баянауыл таулары мен тастары.

Тастадың кімге, тым ерте сертің сөгілді,
Көсіліп жатқан Керекудей бұл төрінді.
Қысқа бір қамшы сабындай ғана ғұмыры,
Жалт етіп аққан жұлдыздай болып көрінді.

Биік болсын құрдастарым бағамыз,
Тұрған кезде дархан теңіз жағамыз.
Заты өшсе де аты өшпес із қалған,
Сұлтанмахмұт Торайғырдай ағамыз!

Бердімбек Әмина
7 сынып оқушысы

Бағына туған қазақтың

Бағына туған қазақтың,
Өмірі болды аз-ақ тым.
Тез өтіп ақын ғұмыры,
Қиынын көрді азаптың.

Көп мұра қалды артында,
Жарыққа тартты халқын да.
Сынады сонау қазақтың,
Ескірген әдет салтын да.

Бейнелеп көркем шындықты,
Өмірге жақсы ынтықты.
Мұздаған елдің жүрегін,
Жылытып көкке ол шықты.

Садыбеков Жандос
7 сынып оқушысы

2017 жыл



СҰЛТАНМАХМҰТ ЖӘНЕ АЛАШ АРЫСТАРЫ

(Эссе)

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың сан қырлы және әртүрлі жанрлы бай мұрасы-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің ерекше құбылысы, қазақ халқының рухани мәдениетінің маңызды бөлшегі. Қазақтың құт қонып, қыдыр дарыған Баянауыл өлкесінің біртуар перзенті, Алаштың ақиығы Сұлтанмахмұт Торайғыров. Сұлтанмахмұт-ұлы ақын. Ұлы тұлға ешкімді де қайталамайды, ешкімге де ұқсамайды. «Ақын орны-қаламы қандай биікке көтеріп шығарса, сол жерде ондай орын әсіресе биікте көп»-деген Ғабит Мүсірепов атамыз. Дәл осы сөзге тұрарлық ақындардың бірі әрі бірегейі Сұлтанмахмұт Торайғыров десем қате айтқандығым емес. Кейде «Есіл қайран ерім-ай, еліне берерін түгел бере алмай кетті-ау»- деп өкінетіміз бар. Ия, өкінішсіз өлім жоқ. Аз жасаса да, өртеніп өтетін, асыра асыл сыйлап үлгеретін, арманына жететін алыптар болады. «Сөндіріп ай мен күніңді, Тек денімді сау қылышы!»-деген тірлікке құштар, өмірді шексіз сүйген ұлы жан-Сұлтанмахмұт Торайғыров аз жасап, көп арманы көкірегінде кетті. Өз дәуірін жанартаудай жарып шығып, қара түнде жарқылдаған найзағайдай жалын атқан ақын, аққан жұлдыздай небәрі 27 жасында дүниеден қырышын кетті. Сұлтанмахмұт атамыздың мына өлеңінен өмірде өз орнын табатын өте саналы, парасатты адам болуға тырысқанын ұғынуға болады. Өлеңінде:

«Шығамын тірі болсам адам болып,
Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып.
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,
Жүргенше өмір сүріп, надан болып»-деген.

Қазаққа алға жылжу керекгін, надандықтан көзін ашуға керекгін түсіндірмекші болып көптеген өлеңдер мен қанатты сөздер де қалдырып кеткен. «Қазаққа ілгерілеу керек болса, мұны аз қалыпта қалдырмай, көбірек тұрсын, бәріне таныс жетілген жұрттардың қатарына қосу керек; олармен бірге адам баласының жеңіл күн көруіне, тегіс бақытты болуына жол табу керек, іздесіп ат салысу керек..»-деген Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол-ақынның білімсіз бейшарасы»-деп Абай атамыз айтқандай. Сұлтанмахмұт Торайғыров өлеңінде ойын аса шеберлікпен, көркем тілмен жеткізе білген. Жасушы прозада да ақындық мұратынан таймайды. Менің ойымша, Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ әдебиетінің тарихында ошпес із қалдырған Абайдан кейінгі қазақ ақыны, ағартушысы! Сондықтан біз оны ешқашан ұмытпай, өлеңдерін оқып, еске сақтап отыруымыз тиіс!

Жомарт Ақтоты, «Балауса» үйірмесінің мүшесі, 9ә сынып оқушысы

ҰСТАЗ-ҰЛАҒАТТЫ ЕСІМ


(Эссе)

«Қазақтың қаны бір, жаны бір жол басшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі», - деген қазақтың кемеңгер ақыны Мағжан Жұмабаев. Жалпы адамзат баласының болашағына үлкен жол салушы, анамыздай қамқор және де бүкіл махаббатын шәкірттеріне сыйлайтын аса құрметті жан-ұстаз.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: "Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында", - дегені бәрімізге белгілі. Сол себепті ұстаздарымыз сол сенімді ақтай отырып, зерделі де зерек, парасатты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелеуде. Ертеңінде біз, яғни болашақ ұрпақ, ұстаздарымыздың бізе жасаған жақсылығын, сыйлаған махаббатын бағалай білуіміз қажет. Мен үшін ұстаз бен шәкірт арасындағы сыйластық пен махаббат ана мен бала арасындағы жылы сезімдердей. Осыдан халқымыз "Ұстаз-екінші ана" деп бекер айтпағаны дәлел. Маған анамдай жақын адам. Мен қалай анамды сыйлап құрметтесем, ұстазымды солай бағалаймын! Себебі анамыз біздің қамымызды ойлап алаңдаса, ұстазымыз дәл солай шәкірттерін ойлаумен болады. Әрбіріміз ұстазымызды үлгі тұтып, әрбір ісін, сөзін қайталап осы керемет жандай тәрбие таратушы болғымыз келетіндігіміз рас.

Ендеше әрбірімізге өмірдің әр сырын ашып, дүниеге деген көзқарасымызды тереңдетіп жүретін жандарды бағалап құрметтейік. Сол себептен сіздерді, келе жатқан ұлы есім иелерін, яғни Ақсу гимназиясының ұстаздарын мерекелерімен құттықтаймын! Сыр бермес денсаулық, толағай табыстар тілеймін!

Батай Аружан, «Балауса» үйірмесінің мүшесі, 9ә сынып оқушысы



КЕРЕК.INFO

Пәндік олимпиадаға қатысасыз ба? Оған қалай дайындалған дұрыс?

1. Тапсырмалар ешқашан тосыннан сүріндіретіндей болмайды. Барлық жұмыс оқулықтан алынады. 5-11 сынып аралығындағы кітаптарды толық қамтыңыз. Қалтарыс қалдырып, оқымай кеткен жеріңізден сұрақ келуі мүмкін.
2. Таза беттен бұрын шимай бетке толтырып жаттығыңыз. Олимпиада ережесінде шимай бет ескеріледі.
3. Асықпаңыз. Алайда, уақыттан ұтылмау да керек. Алдын ала уақытпен санасып жаттығыңыз.
4. Ережені жаттап жүріңіз. Олимпиадада әділ қазылар нақтылыққа сүйенеді.
5. Есеп шығаратын болсаңыз, жауаптың қандай жолмен шыққанын міндетті түрде көрсетуіңіз керек. Тиімді тәсілді көрсетпесеңіз, жауабыңыз есепке алынбауы да ықтимал.
6. Шығарма жазатын болсаңыз, мектеп бағдарламасының негізінде берілетін алдыңғы екі тақырыпқа көбірек жүгініңіз. Еркін тақырып дәл сіз ойлағандай ашылмай қалуы мүмкін.
7. Информатиканың есептерін шығарар алдында кез-келген дүниені сақтап қалыптасыңыз. Әйтпесе, техника тілі ақауға бейім тұрады. Еңбегіңіз еш кетуі мүмкін.
8. Каллиграфияға мән беріңіз. Кей әділ қазылар үшін жазуыңыздың дұрыс болуы да маңызды. Әсіресе, шығарма, мазмұндама секілді сынақта өте маңызды рөл атқарады.
9. Шығарған есептеріңізді арнайы шимай бетке жазып шығуыңызға болады. Апелляцияға кірер кезде нақты жауабыңыз қамтылуы керек.
10. Кітаптардың соңында арнайы қоршалған құнды мәліметтерге көз тігіп жүріңіз. Көптеген тапсырмалар сол секілді қалтарыс бұрыштардан құрастырылып жатады.



Еліміздегі ең үздік жоғары оқу орындары

1. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
2. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
3. М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
4. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
5. С.Торғайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
6. М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті
7. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
8. С. Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан мемлекеттік университеті
9. Х.А. Яссауи атындағы қазақ-түрік халықаралық университеті
10. Қорқыт-Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті



2017 жыл

Назарбаев Университетіне түсу үшін не істеу керек?



Назарбаев Университетінің бакалавриатына түсу үлкен еңбекті талап етеді. Сондықтан Университет алдын-ала NUFYP дайындық бағдарламасын ұсынады.


NUFYP (Nazarbayev University Foundation Year Program) – студенттерге бір жыл бойы ағылшын тілін жетілдірумен қатар, таңдалған мамандық жүйелеріне сәйкес бастапқы білімді меңгеруге септігін тигізетін ұзақ мерзімді курс.

NUFYP бағдарламасы бойынша оқу үшін не істеу керек? NUFYP бағдарламасына қабылдау байқау түрінде жүзеге асады. Оқу орнының сайтына тіркелген соң, онлайн-режимде сауалнаманы толтыруы тиіс. Сауалнама толтыруға мүмкіндік қараша айында ашылып,

2-3 айға дейін созылады.

Байқау неше кезеңнен тұрады?

– Алғашқы кезең – APTIS тесті. APTIS – ағылшын тілінің деңгейін тексеруге арналған тест. Ол сіздің грамматикаңызды, сөздік қорыңыз бен тілдік дағдыларыңызды тексереді.



– Екінші кезең – NUFYP Entrance Test. NUFYPET – ағылшын тілінде өткізілетін пәндік емтихандар. Университет мектептеріне сәйкес талапкер таңдау жасайды.

– Үшінші кезең – IELTS емтиханы.

– Төртінші кезең қабылдау комиссиясының құжаттарды сараптауы арқылы жүзеге асады.

Жолыңыздан таймаңыз, талапкер!



Ағылшын тілін үйрену оңай

Ағылшын тілін үйрену үшін күнде бір сағатыңызды бөлсеңіз жеткілікті. Жазылым мен тыңдалымға көп күшіңізді жұмсаңыз, сіздің деңгейіңіз көтерілері сөзсіз.

1. Диктант жазыңыз. • Dictationsonline — мәтін анық әрі түсінікті. Ағылшыншаңыз төмен болса да мойымай, жұмысқа кірісіңіз. • Rong-chang — қиындық деңгейі бойынша жіктелмеген. Алғашқы диктанттан бастап ілгері жылжи бергеніңіз дұрыс. Әр диктант 10 сөйлемнен тұрады.

2. Аудиокітаптарды тыңдаңыз. Көлік арқылы ұзақ жол жүретіндер үшін немесе жаяу серуендегенді ұнататындар үшін ең үздік нұсқа – аудиокітаптарды серік ету. Құлағыңызға құлаққапты салып алып бір оқпен екі қоян атып аласыз: ішіңіз пыспайды әрі пайдасы зор.

• Storynogy — балаларға арналған ертегілер жинағы. Ағылшын тілін жаңадан үйреніп бастағандар үшін таптырмас құрал. • Loyal Books — түрлі жанрға жіктелген ағылшын тіліндегі кітаптардың алтын қоры. • Scribl — бұл бағдарламада тегін әрі ақылы кітаптар бар. Онлайн тыңдай аласыз.

3. Бұрыс етістіктерді жаттаңыз. Бұрыс етістіктер жазылған кестені параққа шығарып, іліп қойыңыз. Күніне бес сөзді үш мезгіл жаттап тұрыңыз. Дәл дәрі қабылдаған секілді. Аудармасын қасына жазуды ұмытпаңыз. Күннің бір сағаты жылдың 365 сағатына тең. Яғни, сіз осылайша 3 айлық ағылшын тілін оқытатын арнайы курстың бірнешеуін тегін аяқтап үлгересіз. Нәтиже сізді қуантары сөзсіз, сондықтан ерінбеңіз!



ҰБТ-ға қалай дайындаламыз?

Жаңа оқу жылы басталды. 11-сынып оқушылары үшін ең жауапты кезеңнің алғашқы айы да аяқтала бастады. Күн сырғыған сайын жүрек соғысы да жиілей түсері анық. 210 минуттық сынақтың әр сұрағына дайындалып, кеудесіне сенімділік ұялататын білімін іздейді. Бірақ сол білімді қалай іздеу керек? Жаңа форматтағы ҰБТ-ға қалай дайындалу керек?



Алдымен талапкер **физиологиялық тұрғыда** дайын болуы тиіс. Ұйқы мен тамақ өз нормасынан шықпауы қажет. Күн режиміне уақытты шегелеп, белгілеп қойған абзал.

Сабырлы болуға ұмтылу. Бұл психологиялық дайындықты күшейту керек деген сөз. Бәріне салқынқандылықпен қарап, кез келген қиындықты жеңіл қабылдап үйренген жөн.

Артық, зиянды әрекеттерден бас тарту. Достармен бірге уақыт өткізген кімге ұнамайды дейсіз?

Плейстейшн, компьютер ойындары, футбол қарап, бәс тігу секілді бос істерді жарыса кітап оқып, тест талдаумен алмастырған әлдеқайда артығырақ. Жоғарыда айтылған ойын-сауық тізімін орындауға әлі-ақ уақытыңыз табылады. Әрине, егер бір кезек футболды қарап емес, ойнап уақыт өткізсеңіздер 1-пунктті жаңартқандай боласыз. Яғни, бой жазатын ойындарды бір ширап алу үшін артық етпейді.

Уақытпен ойнау. 3 сағат 30 минут. Осы уақытты сенбі және жексенбі күнінің біріне бөліңіз. Жауап парақшасын толтыруға 30 минут уақытты арнасаңыз, 3 сағатты сынақ пәндеріне бөліп тастаңыз. Мысалы, 5 саусақтай білетін Сауатты оқу және Қазақстан тарихы сынды пәндерді ауырсынбасаңыз, алдымен сол сұрақтарға тез жауап беруге тырысыңыз. Ал егер математикалық сауаттан сұрақтардың жауабын табуға қабілетіңіз аса жоғары болмаса, көп уақытты сол сауалдарға жұмсаңыз. 210 минутқа үлгерген-үлгермегеніңізді есептеп отырыңыз. Келесі демалыста керісінше, яғни алдымен математикалық сауатты, кейін жеңілдерін орындаңыз. Демек, өз-өзіңізге тәжірибе жасаңыз.

ОҚУШЫҒА КЕҢЕСТЕР



1. Теледидардың алдында көп отырмаңыз. Ешқашан. Ол сенің уақытыңды өлтіреді.
2. Басыңа жақсы ой келді ме? Жылдам жазып қой! Ол үшін арнайы дәптер, файл немесе блог ашып қой.
3. Өзгелердің армандарына күлме. Оданда өзің арманда!
4. Ата- ана аналарыңның жанында көп уақыт болуға әрекет жасаңдар. Аяқ астынан олар сенен алысқа кетуі мүмкін, бұл Алланың ісі. Қапы қалма!
5. Жақсы сөзбен жылан інінен шығады, жаман сөзбен адам діннен шығады. Жылы жүзді болайық!

6. Өз қатеңді мойындай біл! Қатеңді жылдам және қатаң түрде түзет!
7. Шағым жасау әдетінен бастарт! Сенің проблеман басқаларды қызықтырмайды!
8. Ешқашан өсек айтпа! Жаман сөз жылдам тарайды!
9. Көңіл-күйің төмен болса дем ал! Бұл өмірде бәріде өтіп кетеді деген сөздерді қайтала! Проблемашешудің бір жолы: Миға демалыс бер!
10. Досыңмен ұрысып қалған жағдайда көкейге бататын, ар-намысына тиетін әрекет жасама! Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді!
11. Шындықты сөйлеген жамандықты еске алмайды!
12. Өз келешегіңді өзің жаз! Өзге емес өзің туралы өзің айт!
13. Алдына мақсат қой! Келешегіңді жобала!
14. Көп ізден! Өз біліміңді дамыт! Уақытың жетпей жатса да ізденгенді қойма! Оқу мен іздену-уақытыңды босқа кетіру емес! Уақыт-алтынға теңеледі. Өзгенің де өзіңнің де уақытыңды алма!!!
15. Эмоциялық және физикалық денсаулығыңды мұқият сақта! Дене шынықтыру және өзіңді жақсы көңіл күйде ұстау сенің табысқа барар жолың!



ҚҰЛАҚҚАҒЫС



16 қазан күні «Жас Ұлан» ұйымы мүшелерінің арасында гимназияның «Ұлан басын» сайлау өтеді
Дауыс беруге 5-11 сыныптар қатысады.

Өтетін орны: Мәжіліс залы

Сайлауға белсенді қатысуға шақырамыз!

«Жас Ұлан ұйымы»



«БАЛАУСА» газетінің редакторы: Нургалиева Д.А.

Құрылтайшысы: Гимназия әкімшілігі

Компьютерде беттеген: Алтынбек Мақсатхан

Тілшілер: Данкина Алима,

Жомарт Ақтоты,

Рамазанова Аяулым,

Жұмабаева Дильнара

Мекен-жайы: Әуезов көшесі 58

Тел/факс: 5-02-80

E-mail: gimnaziya-aksu-metodkab@mail.ru

**БІЗДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК
ЖЕЛДІДЕГІ ПАРАҚШАЛАРЫМЫЗ**



aksu.gimnasium



aksu_gimnasium